

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті шығыстану факультеті түрксой кафедрасының докторанты Конкабаева Назым Нұрболатқызының «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «**Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя**» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» тақырыбындағы диссертацияға

## ПІКІР

Араб тілінде араб графикасымен жазылған түркологиялық еңбектер ІХ-ХV ғасырлар арасын қамтиды. Мүмкін, мұндай бастамаға түркі тектес адамдардың Арабияда оқып, кейінде атақтары бүкіл әлемге жайылған ғалымдар болулары да әсер еткен шығар. Өйткені аталған тілдерге қатысты салыстырмалы еңбек жазғандардың ішінде түркі нәсілді ғалымдар да аз емес.

Араб ғалымдары негізінен туыстас түркі халықтар тілдерінің салыстырмалы сөздіктерін жасау, сол сөздіктер көлеміндеі әр топтағы тілдердің бір-бірінен дыбыстық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын саралау, морфологияға байланысты жеке мәселелерді салыстыру және түркі сөздерін араб, парсы тілдеріне аудару, практикалық мәнді шағын көлемді оқу құралдарын жазу және т.б. көлемді мәселелермен айналысты.

Араб тілінде, араб графикасымен жазылған түркологиялық еңбектерде түркі тілдерінің салыстырмалы, салғастырмалы сөздіктерін жасау, шағын көлемді грамматикалық очерктерін жазу саласында едәуір еңбектер сақталған. Бірақ сол жұмыстар соңғы уақытқа дейін лингвистика әлемінде онша ескерілмей келді. Оның негізгі себебі, біріншіден, ғылым тарихы еуропалық дәстүрмен дамытылды, екіншіден, араб ғалымдары еңбектерін түркі тілдерінің фактілеріне сай келмейтін араб грамматикасы үлгісімен жазылған, схоластикалық, жасанды құралдар деп бағаланады, үшіншіден түркі тілдес этностардың тілі мен тарихын зерттеу еуропалық ғалымдар еншісінде болғандықтан, ғылым тарихын Еуропадан әлдеқашан бұрын бастаған Шығыс ғылымы әлемдік кеңістікте өз орнын ала алмады.

Айтылған пікірлер жаңғырығы, мәселен, В.А. Звегинцевтің «араб түркологтары еңбектерінде бөтен тілдер араб тілі көлеңкесінде қаралды. Құрылымдық ерекшеліктері ескерілмей, олар араб тілі грамматикалық категориясы үлгісімен жазылған» деген пікірімен қоса, тіл теориясы ғалымы В.М. Алпатовтың «салыстырмалы-тарихи тіл білімі Еуропада ХІХ ғасырдың І жартысында ғылым ретінде қалыптасса, түркілер бұл саланы М.Қашғаридің «Диуанында» бұдан әлденеше ғасыр бұрын (ІХ ғ.) қалыптастырғанын, түрлі қоғамдық-саяси факторлардың салдарынан әлем ғылым кеңістігінде бұл жаңалық ескерілмегенін, бұл салада әлі ғылымға қосылатын үлестің зор» екендігін атап көрсететін көзқарастар да жоқ емес.

Жоғарыда аталып өткен ғылыми мәселенің өзектілігін танытатын диссертациялық зерттеу докторантым Н.Н. Конкабаеваның «Ат-Тухфа уа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» еңбегі болып табылады. Түркі тілдерінің

дамуы мен тарихы, олардың өмір сүрген дәуірі туралы құнды деректер бере алатын «Ат-Тухфа уа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» («Түркі тіліндегі бағалы сыйлық») ескерткішіне алғаш рет қолжазбасы бойынша жұмыс істеді. «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийя» қолжазбасы әлемге 1922 жылдан мәлім. Қолжазбаның түпнұсқасы Түркияда Стамбул қаласы Сұлтан Баязит мешітіндегі Валиеддин Ефенді кітапханасында №3092 нөмірімен сақтаулы. Зерттеу жұмысы осы жалғыз сақталған түпнұсқамен жұмыс жасалынды.

Қолжазбамен жұмыс істеу өте қиын және оны талдаудың өзіндік спецификасы бар. Себебі ескерткіш XIV-XV ғғ. туындысы, екіншіден, қолжазба түркі-араб тілдерінің сөздігі, сондықтан зерттеуші түркі тілдерімен қатар классикалық араб тілін жетік меңгерген маман болуы керек, үшіншіден, ескі қолжазба болғандықтан дереккөздің авторлық дәйектемелерге және олардың спецификасына ғылыми түсініктемелер беруі қажет болды. Осы принциптер мен алғышарттарға докторант толығымен сәйкес келеді.

Докторант диссертациялық зерттеуде бірнеше ғылыми тұжырымдамалар мен жаңалықтарға қол жеткізді; «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғатит туркийя» ортағасырлық қолжазбаның зерттелу тарихы кешенді түрде зерттелді, ескерткіштің жазылған жері мен уақыты туралы алғаш рет ғылыми тұрғыдан дәлелденді; ескерткіш тілінің фонетикалық ерекшеліктері жан-жақты сараланып, ескерткіштің 64 бөлімі араб-қазақ тілінде беріліп, аударма сөздігі жасалды; жинақталған материалдар негізінде «ат-Тухфа» қолжазбасы алғаш рет қазіргі 16 түркі тілдерімен салыстырылып, ескерткіш тіліндегі қыпшақтық, оғыздық, қарлұқтық элементтер ажыратылып, тарихи фактілермен дәлелденді.

Докторант зерттеудің қорытындылары мен нәтижелері бойынша отандық және шетелдік ғылыми баспаларда, ғылыми-теориялық халықаралық конференцияларда сараланып, талқылаудан өтті, олардың нәтижесі мақалалар ретінде жарық көрді. Оның ішінде Скопус (Scopus) мәліметтер базасында 1 мақала, халықаралық конференцияларда 8 мақала, ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен. сонымен қатар қосымшада «ат-Тухфа» қолжазбасының арабша-қыпшақша сөздігі толық қазақ тіліне аударылып, алғашқы рет арабша, қыпшақша, қазақ тіліндегі транскрипциясы, қазақша аудармасы, қолжазда көрсетілген парақтың беті де берілді. Бұл да докторанттың түркітану саласына қосқан үлесі болмақ.

Докторант шетелдік тағлымдамада (Түркия, Голландия) болып ғылыми кітапханаларда қолжазба материалдарымен және теориялық әдебиеттермен жұмыс істеді. Ғалымдардан кеңес алды.

Диссертациядан алынған нәтижелері логикалық бірлікте, тараулар мен тақырыпшалар байланысы тікелей тақырыпқа сай. Қолжазбаның құрылымы, мазмұны, алынған нәтижелер мен қорытындылардың бір-бірімен

сабақтастығы, докторанттың қойылған ғылыми мақсатты шешуге бағытталған еңбек деп бағалауға болады.

Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен ғылыми тұжырымдарды жоғарғы оқу орындарында салыстырмалы-тарихи лексикология, түркітанудың теориялық және практикалық негіздері пәнінде, тіл теориясы, лингвистиканың тарихы, этнолингвистика, лингвистиканың тарихы, этнолингвистика, лингвистикалық мәдениеттану бойынша арнаулы курстарды оқытуда, сонымен қатар түркі сөздіктерінің түп төркінін ашуға арналған этимологиялық сөздіктер құрастыруда қолдануға болады.

Ғылыми жетекші ретінде Н.Конкабаеваның зерттеу жұмысын түркітану ғылымына, соның ішінде лингвистикалық деректануға қосылған үлес деп бағалаймын. Диссертация толыққанды аяқталған, ғылыми жаңалығы мен тұжырымдары дәйектелген, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» талаптарына және диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келеді.

Конкабаева Назым Нұрболатқызының «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Ат-Тухфа аз-закия фи әл-луғат ат-түркийа» ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация ескерткішіне тарихи-лингвистикалық интерпретация» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға жіберемін.

**Ғылыми жетекші:**  
**Филология ғылымдарының докторы**  
**профессор**  
**Шет тілдері және іскерлік**  
**карьера университеті**



**Р.А.Авакова**